

Мәслихаттың 2011 жылғы 12 қазандағы № 483 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 30 шешімі. Қостанай облысы Федоров ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 18 сәуірде № 9-20-213 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 80 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2012.12.20 № 80 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген " Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, Федоров аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" мәслихаттың 2011 жылғы 12 қазандағы № 483 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-20-200 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 10 қарашада "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 5), 6) тармақшалары жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н :

"5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай, бір жолғы, бес айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е ;

6) "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңының 6, 8-баптарына сәйкес, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, жеңілдіктер және кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай, бір жолғы, екі айлық есептік көрсеткіш

м ө л ш е р і н д е ; " .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы,
Аудандық мәслихаттың хатшысы Б. Бекенов*
КЕЛІСІЛДІ:

*"Федоров аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*
Т. Волоткевич

*"Федоров ауданының
экономика және қаржы бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы*
В. Гринак